БАЛА ЖОЛЫ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

Қазақстан Республикасы
Маңғыстау облысы
130000, Ақтау қаласы
28 шағын аудан,
«Ақжелкен» с/қ., 10-бутик.

Республика Казахстан
Мангистауская область
130000, город Актау
микрорайон 28 ,
т/ряд «Ақжелкен», бутик 10.

Тел: + 7 702 5014781
e-mail: ten81@inbox.ru

Шығ № 11 «29» 05 2025 жыл

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі Маңғыстау облысы бойынша
департаментінің басшысы Ш.А. Шаменовке

МО ақпарат және қоғамдық даму басқармасының
бөлім басшысы І.Р. Тұрароваға

ШАҒЫМ

«Бала жолы» қоғамдық қоры мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясындағы №74518663-ГСЗ1 «Бұқаралық ақпарат саласы қызметкерлерінің әлеуетін дамыту бағытында нысаналы шаралар ұйымдастыру» лоты бойынша №14722382-ГСЗ1 конкурсының бағалау нәтижесімен келіспейтінін білдіреді.

Конкурстың қорытындысына талдау жүргізу барысында конкурстық процедуралардың ашықтығы мен шынайылығына күмән туғызатын, бағалаудың объективті еместігіне көз жеткізетін келесідей дәйектер анықталды:

1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес 15-тараудың 460 тармағымен көзделген «әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы» тармақшасы «Бала жолы» қоғамдық қорына бойынша 0 (ноль) деген балл қойған, ал біздің ұйым 2018 жылы МО Әділет басқармасында тіркеліп, 2019 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орындап келеді. Тиісті құжаттар өтінім беру кезінде жалғанған болатын.
2. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес 15-тараудың 460 тармағымен көзделген «жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі» тармақшасы бойынша да 0 (ноль) деген балл қойған, бұл ретте де қоғамдық бірлестік 2019

жылдан бері атқарылған жұмыстардың тиісті құжаттарын тіркеген болатын.

3. Аталған лот бойынша жеңімпаз «Эко Маңғыстау» ҮЕҰ танылған, алайда, аталған әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекшеліктерінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда және Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктеріне сәйкессіздігі бар деп білеміз:

3.1. «Бұқаралық ақпарат саласы қызметкерлерінің әлеуетін дамыту бағытында нысаналы шаралар ұйымдастыру» лоты бойынша үкіметтік емес ұйымдармен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясында қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша техникалық ерекшелігінің 11. Техникалық сипаттамаға сәйкес әр іс-шара бойынша шығындар сметасы *(Іс-шаралардың Тапсырыс беруші белгілеген сомадан аспайтын болжамды шығындары)* тармағына сәйкес *(ЕСКЕРТПЕ: егжей-тегжейлі жоспарға сәйкес әрбір іс-шара бойынша смета жекелей жасалады)* тармағы мүлде көрсетілмеген, яғни жобаны жүзеге асырудың егжей-тегжейлі сметасы жасақталмаған.

Бұл әрекеттер Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» және «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» заңдарының ашықтық пен әділдік қағидаларына қайшы келеді. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «әділетті мемлекеттік шешім қабылдау мен мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану» қағидатына нұқсан келтірілуі мүмкін.

Осыған байланысты Сізден:

1. Аталған конкурстың нәтижелері бойынша тәуелсіз тексеру жүргізуді;
2. Комиссия құрамының құзыреттілігін қайта қарауды;
3. Конкурс нәтижелерін қайта бағалауды, әділ және білікті сарапшылар тобын тарта отырып;
4. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беру барысындағы мүдделілік белгілерін анықтап, құқықтық шара қолдануды сұраймыз.

«Бала жолы» қоғамдық қорының
директоры
Т.Жолдыбаев

Бала жолы